

Анықтама

Абай атындағы ҚазҰПУ 2020 жылғы сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет жұмысының қорытындылары туралы

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу бойынша нақты жұмыстар негізінен, осы бағыттағы 2020-2022 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес жүргізілді.

Аталған жоспарға сәйкес, іс-шараларды дайындау мен өткізуді бақылауды қамтамасыз ету мақсатында Университеттің **жұмыс тобы** құрылды, ПОҚ-на қойылатын **этикалық** нормалардың сақталу дәрежесін бақылау бойынша функцияларды қосымша енгізу арқылы «Академиялық адалдық пен этикалық нормалардың, университеттегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл стандартының сақталуын бақылау жөніндегі **Комиссиясы**» қайта құрылды және оқыту сапасына мониторинг жүргізу, сауалнама жүргізу, студенттер өтінішін ашық қарау үшін **Академиялық сапа** бойынша **Кенес** құрылған болатын. Университет ғылыми кеңесінің шешімімен «Академиялық адалдық кодексінің» жаңа редакциясы бекітілді (*«Академиялық саясат» нормаларын өрескел бұзған студенттер оқудан шығарылады*).

Университетте (2020 жылы 29 қаңтар - 4 ақпан аралығында) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы күрес мақсатында Өнер, мәдениет және спорт институтының көркем-графикалық бөлімінің студенттері арасында «Академиялық адалдық» Кодексіне негізделген «Сыбайлас жемқорлық суретшілер көзімен» атты плакаттар байқауы өткізілді. Конкурсқа 24 оқушы қатысып, 20 жұмыс ұсынылды. Байқау жұмыстарының көрмесімен ҚР Білім және ғылым министрі А. Қ. Аймағамбетов танысты.

Байқауға қатысу арқылы магистранттар мен студенттер шығармашылыққа қызығушылығын арттырып, патриоттық тәрбиеге баулу, ұйымшылдық пен тәртіптіліктің тиімді жолдарын таба білу, профессор-оқытушылар құрамы мен студенттер арасындағы қарым-қатынаспен жемқорлықтың алдын алу, шығармашылық ой талғамдарын қағаз бетіне бейнелеп көрсету арқылы өзін-өзі дамытуға мүмкіндік алды.

Елімізде енгізілген карантин жағдайында қашықтықтан оқыту кезеңіне аяқ басқанда іс шараларды да онлайн режиміне көшіруге тура келді. Университетіміздің бекітілген жоспары шеңберінде тәрбие, әлеуметтік жұмыс және жастар саясаты департаменті, «Парасат» орталығы және жастар ісі жөніндегі комитеттің бастамасымен «Парасаттылық жолымен» атты онлайн-семинар ұйымдастырылды. Іс-шара Білім беру жүйесінде сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу мәселелеріне арналды. Семинарға университет ректоры Т. О. Балықбаев қатысты. Семинар спикері «SANALY URPAQ» республикалық жобалау кеңсесінің жетекшісі Қайыржан Тоқышев «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу: мәселелері мен шешу жолдары»

тақырыбында баяндама жасап, білім беру жүйесіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жолдары мен механизмдерін айқындады, бірқатар шараларды ұсынды. Спикер сондай-ақ университетте жүзеге асырылып жатқан сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың маңыздылығын атап өтіп, Абай атындағы ҚазҰПУ-дың тәжірибесін еліміздің жоғары оқу орындарына енгізуді ұсынды.

Сонымен қатар университеттің Өнер, мәдениет және спорт институты Сыбайлас жемқорлыққа қарсы және академиялық адалдық Кодексі бойынша онлайн-семинар өткізді. Іс-шараға «Парасат» орталығының директоры, тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасары, кафедра меңгерушілері, оқытушылар мен студенттер қатысты. Семинар барысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша іс-шараларды ұйымдастыру бағыттары талқыланды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттардың сақталуына және университет басшылығы тарапынан жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы бақылаудың маңыздылығы атап өтілді.

Студент жастар арасында парасаттылықты насихаттау және сыбайлас жемқорлыққа нөлдік төзімділікті қалыптастыру үшін жастар арасында әр білім беру институтында ұяшықтары бар «Саналы ұрпақ» студенттік клубы (құрамында 3250 белсенді студент бар) құрылды. «SANALY URPAQ» республикалық Жобалық кеңсесі және Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-мен ұйымдастырылған онлайн-конкурс нәтижесінде «Үздік эссе» бағыты бойынша Университетіміздің Филология және көптілді білім беру институтының I курс студенті Тахаева Айсана Бисенғалиқызы жүлделі III орынға, сонымен қатар Өнер, мәдениет және спорт институтының III курс студенті Мұхтар Жұлдызай «Үздік өлең» бағыты бойынша III орынға ие болды.

Ағымдағы оқу жылында университетте Жастар ісі жөніндегі Комитет пен студенттік ректораттың қатысуымен 4 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сауалнама жүргізілді, оның ішінде Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің тапсырмасы бойынша «Талап» қолданбалы зерттеулер орталығы жоғары оқу орындарының студенттері арасында өткізілген (сыбайлас жемқорлық құрауыштарының болуы тұрғысынан карантин жағдайында өткізілген онлайн-сауалнама да бар), оған 948 студент қатысты.

Одан басқа Жастар ісі жөніндегі Комитет пен студенттік ректораттың қатысуымен Институттар жағдайы мен білім сапасы, жатақхана мәселелері, тәрбие саясаты туралы сауалнамалары жүргізілді. Жалпы сауалнамаға бакалаврда оқитын 5300 жуық 1-4 курс дәріс алушылары қатысты.

Көктемгі емтихан сессиясының қорытындысы бойынша «Академиялық адалдық» кодексі қағидатының талаптарын сақтамағандары үшін (емтиханға ұялы телефон, шпаргалкалар, құлаққаптар және т.б. алып кіріп көшіруге пайдаланғаны үшін) 10 студентке ескерту жарияланды. Әрине, бұл жерде білім беру үдерісі карантин жағдайында қашықтықтан оқыту форматында жүргізілгендігі ескерілді. Алайда, «Академиялық адалдық» кодексі қағидатының бұзылуы тіркелген эдвайзерлерге қатысты шаралар қабылданды және кодекс талаптарын сақтау бойынша студенттер арасында түсіндіру, тәрбие жұмысын күшейту қолға алынды.

«Бір терезе» принципі бойынша «Шапағат» студенттерге қызмет көрсету цифрлық орталығы талап етілген жерде студенттерге анықтама беруді, №2-1, №4, №6 формадағы анықтама беруді (МЗТО), оның ішінде шетелдік студенттерге, білім алушыларға транскриптерді, академиялық анықтамаларды, өтініштердің барлық түрлерін тіркеуді (аударымдар, қайта қалпына келтіру, оқудан шығару, мұрағаттық анықтамалар және т. б.) жүзеге асырады. Бүгінгі күні жыл басынан бері 45 мыңнан астам өтініш келіп түсті, оның ішінде е-Қызметтер арқылы, оның ішінде 11 мыңнан астам білім алушыға транскрипт, сондай-ақ 165 академиялық анықтама берілді. Университеттің жатақханасына орналасу үшін ордер беру "Универ" жүйесі арқылы, сондай-ақ е-қызмет арқылы электронды түрде жүзеге асырылады. 1935-тен астам білім алушы тұруға ордер алды.

Есеп беру кезеңінде диплом жұмыстарын «Антиплагиат» жүйесі арқылы 585 студент - бакалавр тексеруден өтті. Магистрлік диссертацияны 590 магистрант тексеруден өтті, барлығы 1175 адам. Тексеру қорытындысы бойынша дипломдық жұмыс немесе магистрлік диссертация кафедрада талқыланады, ол әрбір білім алушы бойынша шешім қабылдайды.

Ақпараттық ашықтық қағидатына сәйкес Университеттің ресми сайтындағы барлық ақпарат оқырмандар үшін ашық. Сайттың ақпараттық бөлімінде университетте өткізіліп жатқан іс-шаралар туралы ақпараттар мен фото және видеоматериалдар жарияланған.

Талапкерлерге, білім алушылар мен түлектерге арналған ақпараттар барынша жүйеленіп, сайтта жарияланады. Ашық деректер қатарына университеттің келесі ресурстарын ұсынуға болады: Ғылыми кітапхана ресурстары (<http://library.kaznpu.kz/kz/>), Қашықтан білім беру, (<http://dis.kaznpu.kz/>), «Парасат» орталығы

<https://www.kaznpu.kz/kz/2483/page/>.

[Instagram:https://www.instagram.com/parasat.abaiuniversity/following/](https://www.instagram.com/parasat.abaiuniversity/following/),

Жемқорлықсыз университет (<http://anticor.kaznpu.kz/kz/>) және т.б.

Қоғаммен байланыс орнатуды Университет бірнеше бағыт бойынша жүргізеді. Кері байланыс «Open space» форматында; білім алушылармен кездесу, ректордың блогы және поштасы, әлеуметтік желілердегі университет пен ректордың жеке парақшалары арқылы жүргізіледі. Сондай-

ақ, 2019 жылдың маусым айынан бастап Абай атындағы ҚазҰПУ-да Call-орталығы жұмыс істейді.

Университет ректоры Такир Балықпаев қоғаммен кері байланысты ректор блогы және жеке поштасы, әлеуметтік желілердегі өзінің ресми парақшалары арқылы жүзеге асырады. Ректор блогына 2019/2020 оқу жылында 700-ден астам өтініш түсті. Қоғамды ақпараттандыру үшін ректор өзінің әлеуметтік желілердегі парақшаларында оқу орнымыздың қызметі туралы ақпараттармен бөлісіп отырады:

<https://www.facebook.com/profile.php?id=100005455482373>,

Instagram: <https://www.instagram.com/btakir/>, Twitter: [https://vk.com/id559952](https://vk.com/id559952863)

[863](https://vk.com/id559952863), V Kontakte: <https://vk.com/id559952863>. Ректор блогына жолданған мүдделі тұлғалардың өтініштерін қарастыру және жауап беру кезінде құпия ақпараттар ескеріледі.

Университеттің Қоғаммен байланыс бөлімі бұқаралық ақпарат құралдарымен және ресми сайты, әлеуметтік желілермен тікелей жұмыс жасау арқылы оқу орнының имиджін қалыптастыру жолында қызмет істеп келеді. Бұқаралық ақпарат құралдарын университеттің білім беру және тәрбие, ғылым саласында қол жеткен табыстары, бәсекеге қабілетті мамандар даярлау жолындағы жетістіктері, оқу орнында өткізіліп жатқан ғылыми конференциялар, мәдени-спорттық және тағы да басқа іс-шаралар туралы ақпараттармен қамтамасыз етеді. Республикалық бұқаралық ақпарат құралдарының материалдарын талдап, Университеттің қызметіне қатысты ақпараттарға шолу және бақылау жұмыстарын жүргізеді.

Университеттің міндеті мен сапа саласындағы саясат пен мақсаттары, Даму стратегиясы мен бағдарламалары туралы ақпаратты келесі сілтемеден қарауға болады: <http://kaznpu.kz/kz/2309/page/>.

Университеттің жылдық есебі «Жылдық есептер» бөлімінде жарияланған: <http://kaznpu.kz/kz/2271/page/>. Ректордың баяндамалары мен есептері: <http://kaznpu.kz/kz/1022/page/>.

Ресми сайттың бастапқы бетінде ҚР нормативтік-құқықтық актілер (<http://kaznpu.kz/kz/1347/page/>) және басшылыққа алатын құжаттар (<http://kaznpu.kz/kz/1958/page/>), Университетте іс-қағаздарды жүргізу (<http://kaznpu.kz/kz/2329/page/>) тәртібі туралы ақпараттар берілген.

Университеттің ресми сайтының ақпараттар бөлігіндегі «Жаңалықтар», «Хабарландырулар», «Фотогалерея» және «Видеогалерея» бөлімдерінде оқу орынның маңызды ақпараттары мен жаңалықтары жарияланған.

Ректорат, Ғылыми және Бақылау кеңестерінің мүшелері, шешімдері мен құжаттары: <http://kaznpu.kz/kz/23/page/>, <http://kaznpu.kz/kz/26/page/>, <http://kaznpu.kz/kz/1900/page/>.

Гранттарды бөлудің ашықтығы. Бос гранттарды бөлу рәсімі «Жоғары білім алу процесінде босаған студенттерді бос білім беру

гранттарына ауыстыру ережесі» (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы № 58 қаулысынан үзінді) негізінде жүзеге асырылады. Аударма ережелерімен білім алушы университет сайтында таныса алады. www.kaznpu.kz. Білім беру бағдарламалары бойынша бос білім беру гранттары және конкурс туралы хабарландыру сондай-ақ университеттің сайтында орналастырылады, грантқа ауысқысы келетін студенттер емтихан сессиясын аяқтағаннан кейін институт директорына: 1) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің атына өтініш; 2) жоғары оқу орнының басшысы растаған оқу карточкасынан немесе транскриптен үзінді; 3) жеке куәлігінің көшірмесін тапсырады.

Ректордың бұйрығымен бос білім беру гранттарын тағайындау жөніндегі комиссия құрылады. Комиссияға ректораттың, студенттік ректораттың, кәсіподақ комитетінің өкілдері, институт директорлары, оқытушылар, білім алушылар кіреді. Комиссия конкурстық негізде студенттердің өтініштерін қарайды және шешім қабылдайды. Конкурстық комиссияның шешімі Байқау кеңесінің отырысында қаралады және университеттің Ғылыми кеңесінде бекітіледі. Үміткерлер тізімі ЖОО сайтында орналастырылады.

Қаржы қаражатын тиісінше бөлу. Университет өзінің Қаржы-шаруашылық қызметін жыл сайын ҚР БҒМ бекіткен даму жоспарлары негізінде жүзеге асырады. Әрбір қаржы жылына арналған даму жоспары активтер туралы есепті және қаржыландыру көздері туралы есепті, кірістер мен шығыстар туралы есепті, білім алушылардың контингенті, өткен 3 жылдағы өзіндік құны мен өнімді сатудан түскен кірістер туралы толық есепті және кейінгі 4 жылға арналған болжамды, университет жоспарлаған күрделі салымдар ақшалай қаражаттың түсуі мен шығуы туралы есептерді қамтитын бухгалтерлік есеп нысандарын қамтиды. Даму жоспарында университет туралы негізгі мәліметтер, оның ішінде кадрлық құрам, жалақы, кадрлардың тұрақтамауы, біліктілік туралы мәліметтер, орналасқан алаңдар мен пайдаланылатын көлік туралы мәліметтер, сондай-ақ жоспарға түсіндірме жазба бар. Жалпы даму жоспары 29 қосымшадан тұратын мәліметтерді қамтиды. Университеттің даму жоспарларын ҚР БҒМ 2009 жылдан бастап жыл сайын бекітеді.

Қаржылық есеп жыл сайынғы негізде университеттің корпоративтік сайтында жарияланады.

Жылдық есептер Білім және ғылым министрлігіне жіберіледі және талқылау және мақұлдау үшін университеттің Бақылау кеңесінің отырыстарына ұсынылады.

Университеттің жыл сайынғы даму жоспарларының орындалуы туралы есептер бюджет комитетінің отырыстарында талқылаудан басқа, сондай-ақ Білім және ғылым министрлігіне және бақылау кеңесінің отырыстарына ұсынылады.

Кірістерді қалыптастырудың және бюджетті бөлудің үлкен айқындығына қол жеткізу мақсатында 2017 жылдың қараша айында университетте келесі нормативтік құжаттар қабылданды және жұмыс істейді:

- «Абай атындағы ҚазҰПУ ШЖҚ РМК бюджеттерінің орындалуын бюджеттеу, талдау және мониторингілеу бойынша әдістемелік ұсыныстар»;

- «Абай атындағы ҚазҰПУ ШЖҚ РМК бюджет комитеті туралы ереже»;

- «Абай атындағы ҚазҰПУ ШЖҚ РМК құрылымдық бөлімшелерінің Қаржы-шаруашылық қызметін рейтингтік бағалау бойынша әдістемелік ұсыныстар».

Аталған құжаттарды қабылдау университетке институттардың, факультеттің Шетел азаматтары үшін және жоғары оқу орнына дейінгі дайындық пен әскери кафедраның бюджеттерін қалыптастыруға мүмкіндік берді, кірістер мен шығыстардың жылдық бюджетін, ақшалай қаражаттың қозғалысын және күрделі салымдар жоспарын тоқсан сайын бөле отырып, талқылау және қабылдаудан басқа, бюджеттік комитет жұмыстың жедел қаржылық нәтижелерін талқылау және қажетті түзету шешімдерін қабылдау үшін үнемі жиналады.

Бюджет комитетінің шешімдері хаттамамен ресімделеді.

Университеттің жыл сайынғы даму жоспарларының орындалуы туралы есептер бюджет комитетінің отырыстарында талқылаудан басқа, сондай-ақ Білім және ғылым министрлігіне және бақылау кеңесінің отырыстарына ұсынылады.

Университеттің қаржы-экономикалық департаменті Қаржы министрлігіне Есептіліктің келесі нысандарын ұсынады:

- Бухгалтерлік баланс;
- Пайда мен шығындар туралы есеп;
- Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп;
- Капиталдағы өзгерістер туралы есеп;
- Жылдық қаржылық есептілікке түсіндірме жазба.

Университетте Бақылау кеңесіне есеп беретін ішкі аудит қызметі құрылды және жұмыс істейді.

Қызметтің негізгі мақсаты Бақылау кеңесіне тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару процестерін жетілдіруге жүйелі тәсілді енгізу арқылы университетті тиімді басқаруды қамтамасыз етуге арналған тәуелсіз және объективті ақпаратты ұсыну болып табылады.

2014 жылғы сыртқы аудитті «Russell Bedford BC Partners» халықаралық аудиторлық компаниясы өткізді; 2015 жылы – «UNY SAPA Consulting»; 2016 және 2017 жылдары – «Аудит-Мечта»; 2018 және 2019 жылдары – «ЭСТ-Аудит» компаниялары өткізді.

Тауарлар-материалдық құндылықтарды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес қатаң жүзеге асырылады.

Жоғарғы оқу орны жүргізетін барлық қаржылық операциялар университетте қабылданған қаржылық есептіліктің, есеп және салық саясатының халықаралық стандарттарына сәйкес есепке алынады және тіркеледі.

Есеп беру кезеңінде алға қойған басты мақсаттардың бірі – ИСО 37001-2016 халықаралық стандарт талаптары бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджментінің жүйесін әзірлеу және енгізу болатын.

Жобаны іске асыру мақсатында, 2019 жылдың қазан айында *«Университеттің жұмыс тобын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің халықаралық стандарты талаптары бойынша жобаны енгізуге дайындау»* тақырыбында (51 адам), сондай-ақ 2020 жылдың ақпан айында *«ISO 37001: 2016 халықаралық стандарты талаптары бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің ішкі аудиторларын даярлау»* тақырыбында (83 адам) университеттің барлық құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлерін қамтитын семинарлар өткізілді.

Жүргізілген жұмыстар барысында стандарт құжаттарының саны мен құрамы және олардың қолданыстағы жүйеге кірігуі анықталды. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты» бекітілді. ҚР заңнамасының нормаларын ескере отырып, ISO 37001 талаптары бойынша құжатталған рәсімдер әзірленді:

- 1) Мүдделер қақтығысын шешу саясаты;
- 2) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау;
- 3) Сыйлықтар мен өкілдік шығыстар.

Осы құжаттарға айқындалған процедуралар, талаптар негізінде, қосымша келесідей құжаттар бекітілді:

- 1) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл стандарты;
- 2) Мүдделер қақтығысы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын сақтау туралы Декларациясы;
- 3) Сыйлықты алғаны туралы хабарламасы;
- 4) Университет қызметкерінің еңбек шартына Қосымша келісімі;
- 5) Университет қызметкерінің лауазымдық Нұсқаулығы;
- 6) Білім беру қызметтерін көрсету шартына Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Ескертпесі;
- 7) Сыртқы ұйымдармен және іскер әріптестермен өзара қарым-қатынастардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы Ескертпесі редакцияланды және жаңадан енгізілді.

Әзірленген әдістемеге сәйкес университеттің бөлімшелерінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау бойынша тиісті жұмыстар жүргізілді. Тәуекелдер, маңыздылығы бойынша, цифрланған және талдауға алынған, олар бойынша сараптама берілген. Маңызды сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау тізіліміне, университеттің тәуекелдерін барынша азайту және сапалы басқару мәселелері бойынша, қажетті іс-шаралар жүргізіліп жауапты тұлғалар анықталды.

Аталған құжаттар негізінде университеттің профессор оқытушылар құрамы және барлық қызметкерлері «мүдделер қақтығысы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты сақтау туралы Декларацияға», «еңбек шартына Қосымша келісімге» және «Лауазымдық Нұсқаулықтарға» (жаңа редакцияда дайындалған) *(ал барлық білім алушылар білім беру қызметін көрсету*

шартына сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпеге) қол қойды. Осы қол қойылған құжаттарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің (қауіптерінің) алдын алу мақсатында барлық **қызметкерлердің және жұмыс берушінің жауапкершілігі, міндеттері мен құқықтары** айқындалған.

Баяндалғандардың және жоғарыда айтылған семинарда білім алған қызметкерлер қатарынан құрылған 24 аудиторлар тобының Университеттің құрылымдық бөлімшелеріндегі жемқорлыққа қарсы әрекет ету менеджменті жүйесінің талаптарға сәйкестігіне жүргізілген ішкі аудит қорытындысының негізінде, ISO 37001:2016 халықаралық стандартының талаптарына сәйкес әзірленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі университетімізге енгізілді (*университет ректорының 2020 жылдың 9 маусымдағы № 03-05/236 бұйрығы*).

Атқарылған жұмыстың қорытындысы ретінде ү.ж. 12 және 15 маусымында **«Евросерт» компаниясы** (*E V R O C E R T Certifikacijainadzor sistemamenadqmenta SCG, 11000 Beograd, Essuresalaja 4/3 tel. / fax. ++ 381 (0)11 3341-649; 3244-142 e-mail: evrocet@eunet.yu; http://www.evrocet.co.yu*) сертификациялық аудит жүргізіп, оның нәтижесі бойынша **Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіне** Республикамызда бірінші болып белгіленген үлгідегі **Сертификатын** табыстады. <https://www.kaznpu.kz/kz/2565/page/13288/news/>

Осыған байланысты, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаментінің ұсынысына сәйкес ү.ж. 21 қазанда **Қазақстанның жоғары оқу орындарының қызметіне халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың талаптарын әзірлеу және енгізу** (бұл *«Sanaly Uraaq» республикалық жобалық кеңсесінің үлгілік кешенді жұмыс жоспарында көзделген*) кезінде әдістемелік көмек көрсету үшін *«ISO 37001: 2016 халықаралық стандартының талаптары бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесі жобасын халықаралық сертификаттау тәжірибесі. Шешімдер практикасы. Сұрақтарға жауаптар»* тақырыбы бойынша **семинар** ұйымдастырылды. Семинарға проректорлар деңгейінде Алматы қаласының 30-дан астам жоғары оқу орындарының басшылары қатарынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке жауаптылар офлайн-онлайн режимінде қатысты.

Айта кету керек, әлемде жыл сайын 9 желтоқсанда аталып өтетін **Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күнін** мерекелеу аясында Университетіміздің ректоры Такир Оспанұлы Балықбаев қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға және парасаттылық құндылықтарын ілгерілетуге қосқан үлесі үшін 2020 жылғы 15 желтоқсанда **ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Құрмет грамотасымен** марапатталды. Бұл университеттің оқытушылар мен студенттер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті дамытудағы қызметінің бағалануы. <https://www.kaznpu.kz/kz/2565/page/14080/news/>

Қазіргі уақытта ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаментінің нұсқауы бойынша біз «Sanaly Ugraq» республикалық жобалық кеңсесінің типтік жұмыс жоспарына сәйкес университет жұмысының **кешенді жоспарын бекіттік және ол Департамент басшысымен келісілді.**

Университетіміздің Коммерциялық емес акционерлік қоғам (НАО) болып қайта құрылуына байланысты біршама құрылымдық өзгерістер жүзеге асырылды. Солардың бірі ретінде университеттің ұйымдастыру құрылымына әдеп және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне қарсы іс-қимыл жөніндегі **уәкіл штаты** енгізілді.

Университетіміздің профессор оқытушылар құрамы мен қызметкерлерін **ынталандыру мен көтермелеудің жүйелі құралын енгізу мақсатында** және ҚР Білім және ғылым министрлігінің жоғарғы оқу орындарының әдеп және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу жөніндегі уәкілдерімен кездесу хаттамасына сәйкес, **«Семестрдің үздік қызметкері»** атты ПОҚ мен әкімшілік-басқарушы персонал қызметкерлерінің жұмысын бағалаудың нақты критерийлері негізінде үздік қызметкерді анықтау бойынша жаңа **Ереженің** жобасы әзірленіп, келісу жұмыстары жүргізілуде.

Жалпы Университет қызметкері немесе білім алушысы сыбайлас жемқорлық оқиғасын, мүдделер қақтығысын немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын бұзатын кез келген жағдайларды анықтаған жағдайда, «Парасат» орталығына жүгіне алады. Орталық қызметкерлері Түзету әрекеттерін қабылдай отырып, әрбір өтініш бойынша тексеру жүргізеді (*ағымдағы оқу жылында 7 өтініш қаралды*).

Сонымен қатар, **Instagram** (parasat.abaiuniversity), **Facebook** (parasat.abaiuniversity) әлеуметтік желілерінде білім алушылар мен ата-аналарды, оқытушылар мен қызметкерлерді орталықтың бағыты бойынша **ақпараттандыру және кері байланыс орнату** мақсатында «Парасат» орталығының **ресми парақшалары** ашылған, әдеп және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне қарсы іс-қимыл жөніндегі **Уәкілінің**, «Парасат» орталығы директорының суреті, лауазымы, байланыс телефондары көрсетілген <https://www.kaznpu.kz/kz/2483/page/>.

Instagram:<https://www.instagram.com/parasat.abaiuniversity/following/>.

2020 жылдың желтоқсан айының 8-9 жұлдызында университетімізде **Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күніне** арналған «Парасат» орталығының ұйымдастыруымен **«Адалдық сағаты» онлайн дәрісі** болып өтті. Онлайн-кездесуге Университеттің Филология және көптілді білім беру институты (107 студент), Жаратылыстану және география институты (200 студент), Педагогика және психология институты (192 студент), Сорбонна – Қазақстан институттарының (64 студент), білім алушыларымен қатар профессор-оқытушылары құрамы, институт директорының тәрбие іс жөніндегі орынбасарлары да қатысты.

Негізгі спикерлер Университеттің Әдеп және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу жөніндегі уәкілі Серікбай Өрікбайұлы Нұрғисаев және «Парасат» орталығының директоры Қамбар Тұрарұлы Усипов өз сөздерінде университетте соңғы жылдары сыбайлас жемқорлыққа қарсы атқарылып жатқан іс-шаралар туралы біраз ақпараттарды баяндады. Алда келе жатқан қысқы сессия кезінде Академиялық адалдық Кодексінің талаптарын, Әдеп ережесінің, университетте енгізілген Сыбайлас жемқорлыққа қарсы халықаралық ISO 37001:2016 стандарты талаптарының сақталуын және олардың бұзылуына жол бермеудің маңызды екендігіне тоқталды.

Профессор Нұрғисаев С.Ө. университеттің жемқорлыққа қарсы бастамаларының 8 желтоқсанда Алматы қаласында «Парасаттылыққа апаратын сара жол: айқындылықты, есептілікті және қоғамдық қатысуды арттыру» тақырыбында өткен **VI Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы онлайн конференциясы** аясында айтылған мәселелермен үндестікте екеніне баса назар аударды. Ашықтық пен қоғамдық бақылауды қамтамасыз ету тетіктері, сондай-ақ жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың цифрлық құралдары болып табылатын Instagram (parasat.abaiuniversity), Facebook (parasat.abaiuniversity) әлеуметтік желілерінде білім алушылар мен ата-аналарды, оқытушылар мен қызметкерлерді орталықтың бағыты бойынша ақпараттандыру және кері байланыс орнату мақсатында «Парасат» орталығының ресми парақшалары ашылғандығы да айтылды. <https://www.kaznpu.kz/kz/2565/page/13905/news/>

Басқа іс-шаралармен қатар университетімізде «Ізгілік елшісі» республикалық жобалық кеңсесі жұмыс істейді. Бұл жоба «Акселератор добра» қозғалысының студенттері қатарынан еріктілер тобын қамтиды. Мұнда тұрақты негізде көмек көрсететін еріктілер тобы ұйымдастырылды. Олар көмектесуге дайын адамдар мен оған мұқтаж адамдар арасындағы байланыс іспетті. Жобаның мақсаты - жастардың бойында парасаттылық, адалдық, жанашырлық, құрмет, көмек көрсетуге дайын болу сезімдерін қалыптастыру.

Қозғалыстың миссиясы халық арасында парасаттылықты насихаттау және азаматтардың әлеуметтік осал санаттарына тегін заң көмегін көрсету және олардың құқықтық сауаттылығын арттыру болып табылады.

Құқықтық қолдау бойынша волонтерлік қызметтердің негізгі бағыттары – егде жастағы адамдарды (зейнеткерлер) заң тұрғысынан сүйемелдеу, ата-анасыз қалған балаларға жәрдемдесу (*балалар үйлері, Алматы қаласының әлеуметтік мекемелерінің тұлғаларын бейімдеу және қолдау орталығы*), халықтың әлеуметтік осал топтарына-жұмыссыздарға, мүгедектерге, аз қамтылған отбасыларға, көп балалы және жалғыз басты аналарға құқықтық көмек көрсету. Жобаның өзектілігі мен проблемалық сипаты бар, өйткені өтініштердің негізгі түрі әлеуметтік көмек бөлу, балабақша мен білім беру мекемелеріне орналастыру, жұмысқа орналастыру және т. б. болып табылады.

«Ізгілік Елшісі» еріктілер қозғалысы халықтың әлеуметтік мұқтаж топтарына нақты көмек көрсетуге, сондай-ақ қоғамда парасаттылық пен құқықтық мәдениетті дамытуға дайын заңгерлер топтастырылған өзіндік Заң клиникасы болып табылады.

Жоба жергілікті уәкілетті мемлекеттік құрылымдармен тығыз байланыс орнатуға мүмкіндік береді және қоғамның дамуына айтарлықтай үлес қосады.